ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 11 қыркүйек №2301-23-00-2/1776 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Махамбет аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Бекет»,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 28 наурызда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №16 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған, шарт аумақтық қазынашылық бөлімінде 2023 жылғы 18 сәуірде тіркелген. Шарт мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін деп белгіленген. Шарттың сомасы 453 500 теңге.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыдан келіп түскен өтінім негізінде талап қоюшыға 001-015-159 ерекшелігі бойынша «Автомобиль қозғалтқыштарының техникалық/сервистік қызмет көрсету» қызметі бойынша талап қоюшының маркасы LADA-21214 автокөлігіне арналған майларды, сүзгілерді және т.б. ауыстыру қызметтерін жасауға міндеттенген.

Талап қоюшы қызметтік автокөлікке техникалық қызмет көрсету және май ауыстыру туралы өтінімді 2023 жылғы 19 шілдеде мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жіберген және өтінім 2023 жылғы 24 шілдеге дейін орындауға жататыны көрсеткен.

Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер аталмыш қызметті көрсетпеген.

Талап қоюшы сотқа талап арыз жолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қоюшы өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген және

шартта көзделген қызмет түрінің жауапкермен көрсетілмеуі талап қоюшының қызметтік көлікті өндірістік қажеттілікке пайдалана алмауы түріндегі жағымсыз салдар әкелгенін көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, қызметтің орындалмауынан жағымсыз салдарының бар екенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің талап қоюшының өтінімі негізінде шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамағаны сот отырысында зерттелген іс құжаттарымен және талап қоюшының уәждерімен өз дәлелін тапты.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 02 тамызда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Султанғалиева А. Е., 17.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Султанғалиева А. Е., 23.10.2023

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Махамбет аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Бекет» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Бекет» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Бекет» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 751 (бір мың жеті жүз елу бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «19» қазан 2023 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 17.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Султангалиева А. Е., 23.10.2023
2301-23-3-1/2039